

№ 7 «Балалардың саяси тәрбиесін қалыптастыру және олардың патриоттық сезімдерін арттыру» бағдарламасының  
методикалық көмекшісі, КММ  
М.Ж. Нурмағанбетова

**Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға  
арналған вариативтік компоненттік  
тақырыптық жоспар**

**Тақырыбы: «Жас эколог»  
«Алтын кілт» мектепалды тобы**

**2024 – 2025 оқу жыл**

## Кіріспе сөз

Балалардың ойлау тұтастығын яғни, табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін жыл мезгіліне сай жүйелі, мақсат міндеті айқындалған экологиялық тәрбие жұмысын оқу жылының өн бойында жүргізіліп отырады. Экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты бала бойында азаматтық борыш, ғылыми білім, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады. Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәртіптілік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамытуға негізделген. Экологиялық тәрбие жұмысын осындай міндеттерді атқарта отырып, жүзеге асырады.

Мысалы:

- Балаларды өсімдіктер мен жануарларды күтіп-бағуға балу, Олардың бойында қабілет пен икемділікті орнықтыру;

- Табиғаттың сан-алуан сырлары мен байлықтары жөнінде эстетикалық және ұлтжандылық сезімдерін дамыту;

- Табиғатта барлық нәрсенің бір-бірімен өзара байланысты болатынын түсіндіру және осы байланысты күнделікті өмірде Ескеру қажеттігін үйреніп отыру.

Міне осы міндеттердің барысында балалардың экологиялық таным-түсінігін тереңдетіп, олардың табиғатқа деген жаңа мәдени қарым-қатынасын бекітеді. Мұндай жұмыс түрі балалардың физиологиялық даму, психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланып, шығармашылықпен жұмыс істейтін тәрбиеші басшылығымен жүргізіледі. Оқу жоспарында экологиялық тәрбие жұмысын бір рет өткізуге болады. Жыл мезгілінің ерекшелігіне орай күзгі табиғат құбылысы (жаңбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс-әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау т.б).Қыстап қалған құстарға қамқорлық, табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен құстарды күту, балыққа жем беру.Көктемде ұшып келетін құстарға үлкендер көмегімен дайындалған ұяларға жем шашу, ауладағы гүл,көкөніс өсімдіктерін өсіруге жәрдем беру.Бүршік жарған ағаш бұтақтарын (бұтақ,бүршік, өсімдік т.б) мағынасына сай түсіндіру.Наурыз мерекесі қарсаңында жас шыбықтар отырғызып ,оны күтуді күнделікті әдет-дағдыға айналдыру . Көктемнің әдемі келбетін жырлайтын өлең жолдарын әнге қосу ,психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізу ,сөзжұмбақтар шешу, дидактикалық қимылды ойын түрлерін пайдалану, өз ойларын табиғат көрінісінің суретін салып,әңгімелеп айтып беру.Жаз кезінде тәрбиешілердің ұйымдастыруымен өзен-көл жағасына,баққа,гүл алаңына барған кезде,айналаның тазалығына мән беру.Бұл әр баланың жауапкершілік дағдысын, ұжымдық бірлігін арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік,эстетикалық,еңбек ,имандылық тәрбиелерімен сабақтастыра жүргізу басшылыққа алынады.

Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізуде оқытудың негізгі формалары бақылау,қызықтау ,серуен т.б қамтылады.Бақылауда табиғаттағы құбылмалы ауа-райын,күстың жемге келуін,мысалы аула сыпырушының қар күреуін т.б

Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл күймен қатар, табиғат сұлулығын сезіне білуіне әсер етеді. Ал серуен кезінде тәрбиені балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю құраған жапырақтарды бір жерге жинау, өсімдіктерді суару, ағаш түптерін тазалау т.т сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлері нәтижесінде балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Нәтижесінде өсімдіктерді жұлмауға, құстарды қорғай білуге дағдыланады, өздерінің мұнын пайдалы іс-әрекетімен құрбыларына да ықпал жасайды. Экологиялық тәрбиенің балалар табиғатқа жанашырлық, қамқорлық және еңбекқорлық, белсенділік ұқыптылық сияқты дағдыларды меңгереді. Көбіне балалармен дидактикалық ойындар табиғат жөніндегі түсініктерін бекітеді. Бала тәрбиесінде өзіндік орны бар жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді орынды пайдалану баланың қоршаған орта, табиғат туралы ой-өрісін дамытып, тілін ширатады. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізуде басшылыққа алатын тақырыптар, жұмыс дәптері толықтырылып, әр тоқсанға бөліп ұйымдастырудың күнтізбелік жоспары беріліп отыр.

## Пайдаланылган әдебиеттер

1. Айналамен танысу.  
«Алматы кітап» 2001 ж
2. 777 жұмбақ, Алматы «Ана тілі» 2015 ж
3. Жыл он екі ай. 2012 ж
4. Ақ сандық, көк сандық . Алматы «Жазушы» 2013 ж
5. Айнала қоршаған орта Экология. «Алматы кітап» 2011 ж
6. Экологиялық сабақтар. Т.М.Бондаренко Воронеж 2016.г
7. Біздің кітап. Баймұратова Б. «Алматы кітап» 2015ж
8. Бөбектерге байғазы кітапханасы. Алматы 2013ж
9. Тіл ашар
10. Қазақ балабақшаларына арналған «Балбөбек» бағдарламасы
11. Айналаны қоршаған орта, экология, Манкеш А.Е. 2016ж
12. Бастауыш мектеп №1 2015 ж.
13. Бастауыш мектеп 2013 ж.
14. Жаттамақ
15. Экологиялық тәрбие балалармен 5-6-7 жас. Т.М.Бондаренко
16. Балабақшадағы дидактикалық ойындар. Сорокина А.Е. 2017г
17. Игровые экологические занятия с детьми. Молдова Л.
18. Невидимые ниточки природы . Рыжова Н.А. М.2010г
19. Какие месяцы в году? ШрыгинаТ.А. М.2016ж
20. Я и природа Рыжова Н.А.

**«Жас эколог» вариативтік компоненттің тақырыптық жоспары.**

Р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Өткізілу мерзімі
1	Түстер экологиясы	Ағаштарды күтуге оң сезімдерін жалғастыру. Балаларға «қабак» ұғымымын анықтату, ол ағашқа қандай қызмет көрсетеді. Ағашты сырт пішініне карап оны тануға үйрету. Ағаштың жасы туралы түсіндіру	1	05.09
2	Үйде жасалатын зерттеулер	Балаларға тәжірибелерді еске сақтауға жетілдіру. Қарапайым тәжірибелерді үйде ата-аналарының басшылығымен орындауға тәрбиелеу.	1	12.09
3	Өлі табиғат	Өлі табиғатқа деген көзқарастын, құбылыстары мен объектілерін экологияларық қалыпты жағдай жүйелеу және тереңдету	1	19.09
4	Сиқырлы электр	Электр туралы білімдерін жалпылау. Электрдің қайда «тұратынын» білімдерін кеңейту және ол адамға қандай көмек көрсететіні туралы түсіндіру, статикалық электрдің пайда болу себебімен таныстыру. Электр құралдарың қолдануда қауіпсіздік сақтау ережелерін бекіту	1	26.09
5	Табиғат және біз.	Балаларды табиғат құбылыстарының біртүрлі-желмен таныстыру, адам өміріндегі алатын орны және оның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту.	1	03.10
6	Күз алтынын түсіреді	Табиғатта маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімдерін және көзқарастарын қалыптастыру	1	10.10
7	Тірі табиғат	Бала табиғат әлемінің бірбөлігі екен сезімін қалыптастыру. Тірі табиғаттың физикалық жағына қызығушылықтарын арттыру	1	17.10
8	Нан бізге қайдан келеді	Балаларға нан адам тамақтануында күнделікті азық мөлшері екені жөнінде түсінік беру. Нан қайдан келетінің, оны қалай дайындайтыны, кім оны өсіреді және пісіретіні туралы әңгімелеп айту. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	1	24.10
9	Орман және біз	Орман түрлерімен таныстыру, орманда жүру тәртібін бекіту, табиғат әлемі туралы дұрыс көзқарас қалыптастыруына тәрбиелеу.	1	31.10
10	Орман тұрғындары көмек сұрайды	Адам мен табиғаттың байланысың бөлінбейтіні туралы ұғымдары қалыптастыру. Балаларды жабайы жануарлармен және олардың тіршілік ету үшін жануарлардың әдеттерімен таныстыруды жалғастыру	1	07.11

11	Жануарлар неге күрпиды?	Балаларға табиғаттың әртүрлілігі туралы мәлімет беруді жалғастыру, кейбір жануарлардың қырылуы туралы негізгі мәлімет беру, қорғауды қажет ететін жануарларды атау, олары не үшін қорғау керектігін түсіндіру.	1	14.11
12	Қысқы орманға саяхат	Қоршаған ортаға деген сезімдерін тереңдету. Жыл мезгіліне байланысты орман ерекшеліктерін атау.	1	21.11
13	Сиқырлы су	Балаларды судың қасиеттерімен таныстыру; судың өзіндік пішіні жоқ, ағымдағы, су заттарды ерітеді. Балаларға суды неге кей кезде тазартып отыру қажеттілігін түсіндіру. Зертханалық тәжірибелер жасау кезінде зерттеу дағдыларын дамыту, шыны және мөлдір ыдыспен жұмыс жасау дағдысын бекіту. Таныс емес еркінділермен жұмыс жасауын бекіту, зерттеу кезінде тиісті қауіпсіздік ережелерін сақтануын қадағалау.	1	28.11
14	Біздің айналамыздағы әлем	Қоршаған материалдық дүние туралы ұсыныстардың жүйесін құрастыру. Жеке құбылыстар және қоршаған ортасы табандатқан гармониялық қабылдауға қалыптастырылған қоршаған орта объектілері туралы балалардың өнер-білімін кеңейтіп тереңдету	1	5.12
15	Кереметке толы қысқы орман	Балаларды қысқы пейзажбен таныстыруды жалғастыру, ауа райының қай мезгілде болмасын гажайып екенін көрсету, эстетикалық қабылдауын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін артыру	1	12.12
16	«Құстарға астау жасаймыз»	Жануарлар мен құстар тіршілігі туралы түсініктерін бекіту	1	19.12
17	«Көңілді көжектер мен қонжықтар»	Ұсақ құрылыс бөліктерін көлеміне қарай біріктіріп, біртұтас затты құрастыруды және құстарға қамқор болуды үйрету.	1	26.12
18	«Біздің балабақшаның ауласы»	Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасай алуға үйрету.	1	9.01. 25 ж
19	Табиғи материалдар және оның қасиеттері	Табиғи материалдармен таныстыруы жалғастыру. Жүннің, түйе шудасының пайдасы туралы, былғары және оның шығу тегі, пайдасы туралы білім беру. Әр түрлі аттарды санына қарай теңестіруге үйрету.	1	16.01. 25ж
20	Таза және ластанған ауа	Өсімдіктердің біздің өміріміздегі орны мен олар ауаның тазартылуына қалай әсер ететіні жайлы және адам денсаулығына қалай ықпал ететіні туралы түсінік беру. Ауаны ластайтын факторларға теріс қатынасты тәрбиелеу.	1	23.01. 25ж

21	«Жаяу жүргіншілерге, машиналарға арналған тар және кең жолдар»	Балаларды жаяу жүргіншілерге арналған тар және кең жолдарды білуге ұғындыру, білімдерін кеңейтіп, бекіту. Жауапты дұрыс беруге тәрбиелеу.	1	30.01.25 ж
22	Су адам өмірінде	Адам өміріндегі су туралы білімдерін жетілдіру. Су өмір көзі, адам өмірін және денсаулығын қамтамасыз етуін сүйемелдеулері үшін қажетті судың қасиеті, мөлдір, түссіз, иісі жоқ, еріткіш, үш күйде кездеседі: қатты(қар,мүз), сұйық, газ түрінде – бу	1	6.02.25 ж
23	Магнит және оның қасиеттері. Магнитті сынау	Балаларды магниттің кейбір заттарға тартқыш қасиеті бар екенін түсіндіріп, таныстыру. Балаларды тәжірибе қоюға пәндік – тізбек моделін құрастыруға үйрету. Маңызды белгілердің негізінде кең таралған материалдарды тұрмыс – салттарда танып біліп және бұл туралы айтуға үйрету.	1	13.02.25 ж
24	Жаяу жүргіншілерге, машиналарға арналған тар және кең жолдар»	Балаларды жаяу жүргіншілерге арналған тар және кең жолдарды білуге ұғындыру, білімдерін кеңейтіп, бекіту. Жауапты дұрыс беруге тәрбиелеу.	1	20.02.25 ж
25	Бәйшешек	Балалардың жыл мезгілі көктем туралы түсініктерін кеңейту. Көктемнің алғашқы құбылыстары туралы түсінік беру.	1	27.02.25 ж
26	Көктем келді	Балалардың ойлау қабілеттерін, танымдық белсенділіктерін дамыту, бала мүмкіндіктерінің толық іске асырылуы үшін керекті шартты жасау, көктемдегі құбылыстар туралы ұсынысын жалпылау	1	6.03.25 ж
27	Көктем келді	Балалардың ойлау қабілеттерін, танымдық белсенділіктерін дамыту, бала мүмкіндіктерінің толық іске асырылуы үшін керекті шартты жасау, көктемдегі құбылыстар туралы ұсынысын жалпылау	1	13.03.25ж
28	Жел қалай үрлейді?	Балаларды табиғат құбылысы желмен таныстыру.	1	20.03.25 ж
29	Ауамен тәжірибелер	Балаларға ауамен жасалатын тәжірибелерді жасату, тәжірибелерді жасату, тәжірибе барысында қортындысын дәлелдей білуге тәрбиелеу	1	27.03.25 ж
30	Күн және	Ғарыш кеңістігіне қызығушылықтарын, ғарышкер	1	3.04.

	ғаламшар	мамандығы туралы білімдерін арттыру. Мамандық несіні құрметтеуге тәрбиелеу. Елестету мен қиялын дамыту.		25 ж
31	Жәндіктердің жандануы	Көктем мезгілінің құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру, оның ішінде жәндіктердің жандануы туралы мәлімет беру. Табиғи лупа жасап, жәндіктерді өздері істеген өк	1	10.04. 25 ж
32	Жәндіктердің қорегі	Топырақта ауа бар екенің көрсету, топырақты таптау барысында жер асты мекендеушілердің тіршілік етуі қиындайтыны туралы түсіндіру. Балаларға демалыстағы мінез- құлықтың ережелерін сақтауға, өз алдында қажеттілік туралы бір қортындыға келуге көмектесу	1	17.04. 25 ж
33	Қазақстан достар үйі	«Достық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту; Достық көмек туралы түсінік беру; Өзара жағымды қарым – қатынастарын дамыту; Бір – бірін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу..	1	24.04. 25 ж
34	«Менің ағам шекарашы»	Балаларға шекарашылар жайлы түсінік беру. Әңгімелеп беру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	1	8.05. 25 ж
35	«Су өмірдің көзі	Балаларға су әлемі жайлы түсінік беру. Әңгімелеп беру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	1	15.05. 25ж
36	«Өсімдіктерді күту тәртібі»	Балаларға өсімдіктер жайлы мәлімет беру, оларды күту тәртібін: суру және қайта отырғызу ережелерімен таныстыру.	1	22.05. 25ж
	Барлығы		36 сағат	